



Сыр бойы

20 маусым, бейсенбі 2024 жыл

№94 (20768)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

«БІЗ ТАБИҒИ АПАТ КЕЗІНДЕ ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ»

Ақордада су тасқынымен күреске белсене атсалысқан азаматтарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқынымен күрес шараларына белсене атсалысқан ел азаматтарына марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент, ең алдымен, бұл бұрын ешқашан болмаған ең жойқын табиғи апат екенін атап өтті. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Жалпы, ел көлемінде 19 мыңнан астам тұрғын үйді су басты.

Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылдық. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерлер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен, антқа адал болды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев топан сумен күреске күштік құрылымдардың 63 мыңнан астам қызметкері атсалысқанына назар аударды. Құтқару операциясы барысында 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 40 мың бала қауіпсіз жерге көшірілді.

– Бұл – құтқарушылар мен ұшқыш-



тардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбаев «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі

табиғи апат болған сәттен бастап ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен – жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Кентау қаласында тұратын Гауһар Шаймерден есімді оқушы қыздың ата-анасына отаншыл ұрпақ өсіріп жатқаны үшін алғыс айтты. Ол өзі жинап жүрген қаржысын Құлсары қаласының тұрғындарына аударған. Сонымен қатар Атырау облысының тұрғындары – тоқсаннан асқан Орынша Тоқтыбақызы мен Әлия Досмұханованың ерен еңбегін ерекше атап өтті. Бұдан бөлек, Президент көмек бергені үшін бауырлас мемлекеттерге, халықаралық компаниялар мен ұйымдарға ризашылығын білдірді.

– Нағыз достық қиындықта сыналады деп тектен-тек айтпайды. Кейбір шетелдік азаматтар зардап шеккен адамдарға жәрдемдесу үшін арнайы келді. Осы сәтті пайдаланып, қиын-қыстау шақта қолдау білдіргені үшін шетелдік серіктестерімізге және достарымызға шын жүректен ризашылығымызды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БАЙЛАНЫС САПАСЫ БАРЛЫҚ ТҮРҒЫН ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында байланыс сапасын жақсарту мәселелері қаралды. Ведомство басшылары мен өңір әкімдері атқарылған жұмыстарды баяндады.

Қазір Қызылорда облысындағы 230 ауылдық елді мекеннің 213-і мобильді байланыспен қамтамасыз етілген. Қалған 17-сіне «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылға дейін интернет жеткізу жоспарлануда.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында өңірдің 73 ауылдық елді мекенінің мемлекеттік органдарына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту толығымен аяқталды. Тағы 64 ауыл әкімдігі, 72 білім беру мекемесі және 69 медициналық мекеме желіге қосылды.

Мобильді интернеттің сапасын арттыру мақсатында Қызылорда қаласында Kcell операторының 5G стандартындағы 16 базалық станциясы, Tele2 байланыс операторының 7 нүктесі жұмыс жасауда. Жыл соңына дейін 33 базалық станция орнатылады.

Биыл «КаР-Тел» компаниясы 10 ауылдық елді мекенге базалық станция салуды жоспарлауда. Мұнан бөлек, «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Қызылорда облысындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойына 9 антенна-дінгек орнатылмақ. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін бюджеттік өтінім беріліп, аудан әкімдіктері жер телімдерін бөлді. Талшықты-оптикалық байланыс желісі мен электр энергиясына техникалық құжаттар алынды, құрылыс басқармасы жобалау жұмыстарымен айналысатын мекемені анықтады.

/// ЫНТЫМАҚ ЫҚПАЛЫ

ЕТ ӨНІМДЕРІНЕ ТҮРКИЯ НАРЫҒЫ АШЫҚ

Еліміздің Тәуелсіздігін алғаш рет мойындаған мемлекет ретінде Түркия елі қашан да байырқалы бастамаларға бірлесіп келеді. Осы екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың берік болуының нәтижесінде ел экономикасы едәуір өсіп, сауда айналымы айтарлықтай арта түсті.



Бұл ретте, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорт үлесін де ерекше айтуымызға болады. Дегенмен, кейінгі 20 жыл көлемінде Түркия еліне ет бағытындағы бірқатар өнімдерді экспорттауға шектеу енгізілген болатын. Енді бұл шектеулер толықтай алынып тасталды.

Нақтырақ айтқанда, ҚР Президентінің тікелей тапсырмасы аясында осы жылдың 7 маусымынан бастап қазақстандық өнімдерді Түркия нарығына жеткізуге кедергі болған бірқатар шектеу алынып, емін-еркін сауда айналымын жасауға ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен Түркия Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Гизлигидер Эбубекридін екіжақты келісімі ықпал етті.

Бұл тікелей Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жүргізген экономикалық ынтымақтастықтың нәтижесі деп білеміз. Қазақстандық өнімдерді шет мемлекеттердің нарығына жеткізу үшін әрбір бастаманың маңыздылығы айрықша екені сөзсіз. Сол себепті аграрлық саланы дамытушы азамат ретінде Мемлекет басшысына отандық өнімге қолдау танытқаны үшін алғаусыз алғысымызды білдіреміз.

Жалпы елімізде мал шаруашылығы оң динамикада дамып келеді. Бұған қоса, елімізде осы шаруашылықтан өндірілген өнімдерді терендетіп өңдеу үшін комбинаттар мен фабрикалар салынды.

Мәселен, былтыр Сыр өңірінде ет

бағытындағы құс шаруашылығын дамыту мақсатында Қармақшы ауданында «Қармақшы құс» ЖШС-ның қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы іске қосылды. Қазіргі уақытта серіктестік 500 тонна құс етін экспортқа шығаруды жоспарлап отыр.

2025 жылы Жаңақорған ауданында қуаттылығы жылына 3500 тонна құс фабрикасының және мал бордақылау алаңдарының құрылыс жобаларын жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл инвестициялық жобалар іске асқан жағдайда түркі мемлекеттеріне экспорттауға ниетті екендігін жеткізім келеді.

Жыл сайын Қызылорда облысында асыл-тұқымды мал сатып алуға, асылдандыруға, ет-сүт өніміне мемлекет тарапынан қаржы бөлініп келеді. Нәтижесінде аймақта төрт түлік мал басы жоғары көрсеткіште өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда.

Ел экономикасының ең маңызды салаларының бірі – ауыл шаруашылығы саласы болғандықтан, тың жобалардың нәтижелі іске асуы өте маңызды.

Сыр өңірінің мал шаруашылығымен айналысатын азаматтары ақжолтай жаңалықты естіп, өздерінің қуаныштарымен бөлісуде.

Осы ретте, мал шаруашылығы, оның ішінде ет өнімдерін өңдеу бағытындағы тың бастамаларды жүзеге асырып, аталған салада еңбек ететін азаматтарға осындай үлкен мүмкіндік тудырғаны үшін Мемлекет басшысына ерекше алғысымызды жеткіземіз.

Президентіміздің тікелей тапсырмасы негізінде Үкіметтің қолдауымен отандық өнімнің әлем нарығына жеткізілуін қамтамасыз етуге ықпал жасаған ҚР Сыртқы істер және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне барша ауыл шаруашылығы саласының, оның ішінде төрт-түлікті түлетіп, азық-түлік қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген шаруалардың атынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Еліміздің әл-ауқаты артып, отандық өнімдіміз дами берсін!

Абзал ЕРАЛИЙЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

/// СЕРПІН

АРАЛ ТУРИЗМІ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Аймаққа табан тірегендердің көбі Байқоңырдағы зымыран ұшыру сәтін, Қорқыт ата мемориалдық кешенін және Сығанақ, Жанкент сынды көне тарихи-мәдени қалашықтарды тамашалауға құмар. Бұл тізімде Арал ауданы да бар. Мұнда туристерге тартымды нысан – теңіз, оның құрғаған ұлтаны.

Жыл сайын мыңдаған шетелдік облыстың шет аймағына сапарлап, экологиялық мәселенің салдарын, зардап көлемін көруге келеді. Сондықтан аталған Арал өңірі туризм дамуы жоғары аймақ санатында.

Десе де бұл туризмді экономикалық пайда көзіне айналдыруға жеткіліксіз. Себебі ауданның ішкі туризмнің дамуы кешеуілдеген. Әрине, әлеует бар. «Қамбаш» жағажайы, «Ақеспе-дегі» су бұрқағы, «Шижағанын» шағыл құмы қаржы жалса, қайтарымсыз еселеді. Десе де жылдар бойы айтарлықтай сәтті жоба жүзеге аспағандықтан, мүмкіндік еш кеткен еді.

Міне, биыл бұл мәселе қайта қолға алынып, теңізді өлкеден жағымды жаңалық жетті. Аудан әкімдігінің ұйытқы болуымен жыл соңына дейін ішкі туризмді ілгерілетуге арналған бірнеше бастама жүзеге аспақ. Оның ішінде кәсіпкерлерді қаржылай қолдау, инфрақұрылым жеткізу, инвестиция тарту секілді ілімді іс көп.

4-бет



/// ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ҚАЙТА ЖАСАНҒАН ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Қызылорда қаласындағы орталық алаңда жұртшылықтың серуендеуіне қолайлы жағдай туды. Алаңдағы жаңашылдыққа қала тұрғындары мен қонақтары ризашылық білдірді.

Еске сала кетейік, өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, аймақтың бас қаласын көркейтуге ерекше маңыз беріліп, игілікті істің бірі орталық алаңда бастау алған болатын. Жоба бойынша алаңға субұрқақтар, қиыршық тас, жолжиек тас төселіп, жарық диодты шамдар қойылып, газон, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылды. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер қойылды.

Мұнда жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары және балалар ойын алаңы орналастырылған. Нақты кезінде Ы.Жақаев және Қорқыт ата көшелерінен орталық алаңға дейінгі аумақ та толықтай абаттандырылды. Жоба аясында қала келбеті, орталықтағы негізгі көшенің бойы көріктеніп түспекші. Осылайша күрделі жөндеу үшін көптен бері жабық болған алаң ел игілігіне ұсынылып отыр. Айта кетейік, аталған жоба кәсіпкердің демеушілігімен жүзеге асырылуда.

«СБ» ақпарат



«БІЗ ТАБИҒИ АПАТ КЕЗІНДЕ ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ»

Президенттің айтуынша, су тасқыны кезінде халқымыз бірілігі бекем, ынтымағы берік ел екенін көрсетті.

— Алапат су тасқындап келіп қалғанда, отандастарымыз табиғат апатымен күресіп жатқан құтқарушыларға көмек қолын созды. Олар су басқан аймақтарда жауапты қызмет мекемелеріне жәрдемдесіп, жан-қиярлықпен әрекет етті әрі батылдық танытты. Көбі адамдар мен жануарларды өз көліктерімен қауіпсіз жерге алып шықты. Мыңдаған жанаушыр азамат тасқын судан қорғайтын бөген салуға қатысты. Ортақ күш-жігердің арқасында біз жағдайдың ушығып кетуіне жол бермедік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өздерін нағыз отаншыл әрі жауапты азамат ретінде көрсеткен еріктілердің еңбегін жоғары бағалап, оларды қазіргі заманның батырлары деп атады.

— Мен еріктілер қозғалысының дамуына айрықша мән беремін. Өздеріңізге мәлім, 2024 жылды Волонтер жылы деп жарияладым. Осы уақыт ішінде еліміздегі волонтерлік қызмет мүлде жана деңгейге көтерілді. Еріктілердің күш-жігерінің арқасында маңызды бастамалар мен жобалар жүзеге асты. Ең бастысы, біз адамдардың мемлекет пен қоғам өміріне араласуға, адам құндылықтар мен қасиеттерге сай болуға деген ниетін ояттық. Еліміздегі жан-жақты жаңғырулардың қозғаушы күші — адам. Қолға алынған ауқымды реформалар табысты жүзеге асу үшін еліміздің барша азаматы күш біріктіруі қажет екеніне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент баспанасыз қалған адамдарға «Қазақстан халқына» қорынан тұрғын үй салуға қаражат бөлінгенін айтты. Жалпы 2200-ден астам үй салынады. Сондай-ақ 10 мыңға жуық баспана күрделі жөнделуде өтеді.

Тасқындың зардабын жоюға бірқатар кәсіпкерімді қолдауға қаражат бөлі. Олар әрдайым туған елімен бірге екенін нақты іспен дәлелдеді. Ұлт мүддесіне сай жауапкершілігі мол кәсіпкерлік дегеніміз — осы. Әрине, қалыс қалған кәсіпкерлер де аз емес, олардың кім екенін де жақсы білеміз. Біз ешкімді мәжбүрлеген жоқпыз. Өркім өз таңдауын жасады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Киевте Қазақстан журналисіне жасалған

1-бет

кастандық әрекетке қатысты пікір білдірді.

— Елімізде Заң үстемдігін нығайтып жатырмыз, яғни барлық салада, ең алдымен, Заң үстемдігін қамтамасыз ету — басты міндет. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым айқын. Мұны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Қазақстанда Заң мен тәртіп бәрінен биік тұруға тиіс. Сондықтан қоғамдағы барлық қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді тек қана құқықтық тұрғыдан, яғни тиісті заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес шешу қажет. Кеше Қазақстан азаматы Айдос Садықовқа қатысты Киевте болған қылмысқа да дәл осы ұстаным тұрғысынан қараған жөн. Мен дипломатиялық арналар мен құқық қорғау органдары арқылы осы оқиға бойынша Украина тарапына ресми сұратулар жіберу туралы нақты тапсырма бердім. Сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстанның ресми органдары істің ақиқатына жетуге жәрдем беру үшін тергеу жұмысына қатысуға дайын екенін айтқым келеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, апат салдарын жоюға атсалысқан әр азаматқа шыннайы ризашылығын білдірді.

— Баршаңызға мәлім, қазір «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Бұл — өте маңызды әлеуметтік, тіпті саяси жоба. Оның түпкі мөні — ұлтты ортақ іске ұйыстырып, елімізді көркейте түсу, халқымыздың жаңа экологиялық сана-сезімін дамыту. Бұған, ең алдымен, өздеріңіз сияқты адал азаматтар ұйытқы болады. Ел мүддесі үшін жасалған еңбек пен ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан бүгінгі марапатты халықтың сіздерге деген зор алғысы деп қабылдаған жөн, — деді Президент.

Марапаттау рәсімінде «Заңигтар арманы» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің іс жүргізушісі Әлия Досмұханова, «Основание» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің экскаваторшысы Владимир Царик және «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе филиалының су беруді реттеушісі Шыңғыстау Әбдиев сөз сөйледі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы шараларға белсене атсалысқан бір топ құтқарушыны, волонтерлер мен қоғам белсенділерін, әскери қызметшілер мен дәрігерлерді, қарапайым жұмысшыларды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен ірі бизнес өкілдерін марапаттады.

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Облыс өкімінің орынбасары Шахмардан Баймановтың төрағалығымен өңірдегі цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту мәселелеріне арналған жиын өтті.



Басқосуға Сыр еліне жұмыс сапарымен арнайы келген Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі Қаныш Төлеушин, цифрландыру саласындағы отандық компаниялардың мамандары, байланыс операторлары мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Облыс өкімінің тұрақты колдауының нәтижесінде өңірде тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған цифрлық жобалар жүзеге асуда. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде аймақта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге жол картасы жасалған.

Сонымен бірге байланыс операторларымен де

екіжақты жұмыс жүргізілуде. Мәселен, тұрғындар қауіпсіздігі үшін 2025 жылдан бастап қала аумағында 1400 қоғамдық бақылау камерасы, жылдамдықты өлшейтін 60 құрылғы және 20 зияткерлік қиыншылық камералар орнатылады.

Пилоттық режимде іске қосылған «Сергек» жобасы аясында да қала аумағына 100 қоғамдық бейнебақылау камерасы мен жылдамдық өлшейтін 10 құрал қойылды.

Мұнан бөлек, жедел басқару орталықтары жаңғыртылып, 7 аудан орталығына да бейнебақылау камераларын орнату жоспарда бар.

Алдағы кезеңде поли-

ция департаментінің Жедел басқару орталығындағы ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктері мен көрсеткіштеріне де талдау жасалды.

Басқосу барысында Қаныш Төлеушин өңірдегі IT бағытта атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді және алдағы міндеттерді бірлесіп атқаруға ниетті екенін жеткізді.

Айта кетейік, облыста «Ақылды қала» бағдарламасының негізгі компоненттерінің басым көпшілігі орындалған. Бұл мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, жол картасы әзірленіп, министрлікке ұсынылған.

/// СЕССИЯ

ОБЛЫСТА ГАЗДАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс XV сессиясы болып өтті. Оған облыс өкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, депутаттар, басқарма басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібінде «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды. Бұл бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мүбәрақов хабарлама жасады.

ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырда №431 «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» қаулысы қабылданды. Осыған сәйкес облыс елді мекендерін газдандыру үшін 16 жобаға қаралды.

Осы мақсатта биылға қаржы арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Оның ішінде облыстық бюджеттің өз кірістері ұлғайтылуда. Сәйкесінше, шығыстар

бөлігінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бағдарламаларына қажетті ақша қарастырылуда. Атап айтқанда, «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Қызылорда қаласында АГТС орната отырып, «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ құбырынан және жаңа бу-газ қондырғысына дейін жеткізуші газ құбырын салу», «Қамыстыбас кентінде АГТС орнатумен «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ құбырынан бұрма-газ құбырының құрылысын» түзету» жобасы бар. Сондай-ақ облыстың барлық ауданында осы бағытта нақты жұмыстар атқарылады. Ол халықтың «қоғлдір отынға» қолжетімділігін арттыра түседі.

«СБ» ақпарат

ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Облыс өкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу комиссиясы отырысында су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Судағы жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін облыс аумағында 750 адамға арналған 4 коммуналдық жағажай ресми түрде бекітілді. Маусым айының соңына дейін 900 адамға арналған қосымша 3 жағажай ашылады. Сонымен қатар, демалыс орындарында 12 стационарлық және 6 модульдік бассейн жұмыс жасайды. Жазғы демалыс лагерлерінде балаларға жүзуді үйрететін 7 стационарлық бассейн бар.

Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар, полиция департаменттері мен волонтерлер бірлесіп, рейдтік шаралар кезінде 42 мыңнан астам тұрғынға (оның ішінде 16 мыңнан астам жасөспірім-

ге) судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірді, ұнпақтар таратты. Профилактикалық шараларға 510 ерікті жұмылдырылды. Адам көп шоғырланған орындарда дауыс күшейткіш және LED экран арқылы, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде үгіт-насихат жұмыстары қарқын алды.

«Kundelik.kz» сайтына ТЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелері жазылған жадынамалар орналастырылған, онда 295 оқу орны мен 100 714 оқушы қамтылған. Тағы 38 509 оқушыға интерактивті және ашық сабақтар өткізілді. «WhatsApp» мессенджері арқылы ата-аналарға бейнероликтер мен жадынамалар жіберілді. Білім басқармасымен бірлесіп,



қауіпсіздік тақырыбында семинарлар, брифингтер ұйымдастырылды, республикалық, облыстық телеарналарда, басылымдарда ақпараттық-насихаттық материалдар жа-

рыяланды. Су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауда.

Жиында қатты жел салдарынан шатыры зақымдалған әлеуметтік нысандардың жағ-

дайы туралы да айтылды. Жыл сайын жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, шатырды қалпына келтіргеннен гөрі алдын алу қажеттігі ескертілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық бақылау жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы Талант Ерманов баяндама жасады.

Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне тиісті қызметтермен бірлесіп, 5 шілдеге дейін өз аумақтарындағы әлеуметтік сала нысандары шатырларының беріктігін тексеру тапсырылды. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері күрделі жөндеу бойынша жоба-сметалық құжаттаманың сапалы әзірленуін, нысандардың шатыр конструкциясының сапалы орнатылуын міндетті түрде тексеруі тиіс.

/// САУДА САЯСАТЫ

ЕТ ЭКСПОРТЫ ЕКПІН АЛЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан бірнеше жылдан бері жолға қоя алмай келе жатқан бір мәселе — ет өндірісі. Дегенмен, сарапшылар ахуалдың біртіндеп жақсарып келе жатқанын айтады. Ет экспорты тұрақты түрде ұлғаюда. Ал кейінгі жылдары импорт көлемі төмендеген. Салаға өкпін берудегі еліміздің артықшылығы — жайылым алқаптарының көптігі, суармалы жерлердің молдығы және мал шаруашылығымен айналысу ата-баба қанымен дарыған кәсіп екендігі. Бүгінде Қазақстан жайылымдық жер көлемі бойынша әлемде бесінші орынға ие.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, былтыр еліміздің ет экспорты 24,4 мың тоннаға құраған. Отандық ет экспортының негізгі бағыттары — Өзбекстан, БАӘ, Қырғызстан, Иран, Кувейт. 2023 жылғы 2022 жылмен салыстырғанда құс еті экспортының 13,7 мың тоннадан 31,5 мың тоннаға дейін өскені байқалды.

Экспорттың негізгі бағыттары — Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Беларусь, Тәжікстан. Қазір қазақстандық ет және ет өнімдерін өндірушілер өз өнімдерін ЕАЭО, ТМД елдерінің аумағына, сондай-ақ Парсы шығанағы елдеріне, Қытайға, Жапонияға экспорттау мүмкіндігіне ие. Енді бұл қатарға Түркияге де қосылды.

Кейінгі 20 жыл көлемінде Түркияға ет бағытындағы бірқатар өнімдерді экспорттауға енгізілген шектеулер толықтай алынып тасталды. ҚР Президентінің тікелей тапсырмасы

аясында 7 маусымнан бастап қазақстандық өнімдерді Түркия нарығына жеткізуге кедергі болған бірқатар шектеу алынып, емін-еркін сауда айналымын жасауға ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен Түркия Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Гизлигдер Әубекирдің екіжақты келісімі ықпал етті.

Тағы бір маңызды жаңалық — ет экспорты мен импорттың дамыту үшін зертханалар жабықталуда. Атап айтқанда, Үкімет Республикалық ветеринариялық зертхананы жоғары дәлдіктегі талдамалық жабықпен жаңғыртуға 3,8 млрд теңге бөлі. Оның көмегімен антибиотиктер, ветеринариялық дәрілік заттар, фармакологиялық белсенді заттар және олардың метаболиттері, коксициклаттер секілді 70-тен астам көрсеткіш бойынша өнімді тексеру жүргізілмек. Сондай-ақ, Қазақстан им-



порттаушы елдердің, оның ішінде Еуропалық одақтың талаптары бойынша зерттеулер жүргізіледі. Нәтижесінде экспортталатын тауарлардың тізімін кеңейту мүмкіндігі пайда болады.

Қазақстаннан Ресейге және Қытайға ет экспорттау көлемі де артады. Жақын арада ет өнімдерін өткізетін басқа да нарықтар пайда болады. Салалық министрлік Сингапур, Вьетнам, Малайзия, Гонконг

бағыттарында ветеринарлық талаптарды келісу бойынша жұмыс атқаруда. Бұдан бөлек, былтыр 15 қаңтардан бастап Ресейге ет экспорты қалпына келді. Ресейге ет, сүт және сүт өнімдері, сондай-ақ ет өнімдері экспортталуда. Бұл екі елдің Ауыл шаруашылығы министрліктері арасында қол жеткен келіссөздің нәтижесі бойынша мүмкін болды.

Сондай-ақ Қазақстаннан Қытайға құс шаруашылығы өнімдерін әкелуге шектеулер және ауыл бойынша бұрын қолданыста болған шектеулер алынып тасталды. Құс шаруашылығы өнімдерін әкелуге тыйым салу 2005 жылдан бастап созылды. Ал ауыл бойынша шектеулер 2022 жылы енгізілді. Шектеуді алып тастау еліміздің онтүстік-шығыс өңірлерінен Қытайға мұздатылған сиыр және шошқа етін, сондай-ақ құс шаруашылығы өнімдерінің кең ауқымын экспорттауды жаң-

ғыртуға мүмкіндік береді. Айта кету керек, енді Қазақстан экспорттық тауарлар желісін кеңейту бойынша ветеринарлық талаптарды келісу рәсімін, сондай-ақ Қазақстанның барлық аумағынан кәсіпорындарға экспорттауға рұқсат беру бойынша жұмысты бастай алады.

Айта кетсек, өткен айда Премьер-министрдің баспасөз қызметі Қазақстанда төрт құс фабрикасының қуаты ұлғайтылатынын хабарлаған еді. Олар жылына қосымша 200 мың тонна тауық етін өндіретін болады. Жобаларды Қазақстанның Даму және қаржыландыру агенттігі қаржыландырады. Олар 2025-2026 жылдары жүзеге асырылады. Бүгінде Қазақстанда құс етін өндіру көлемі жылына 328 мың тоннаға құрайды. Қосымша 200 мың тонна осы өнімдерге және олардың экспорттық тауарлар тәуелділік мәселесін шешуге көмектеседі.

Жалпы агроөнеркәсіп кешеніндегі 91 инвестициялық жоба — ет, сүт, астық өңдеу зауыттары, сондай-ақ жылқылар 446,9 млрд теңгеге қаржыландырылады. Елімізде мал шаруашылығы оң динамикада дамып келеді. Бұған қоса, өнімдерді тереңдетіп өңдеу үшін комбинаттар мен фабрикалар салынууда.

Мәселен, былтыр Сыр өңірінде ет бағытындағы құс шаруашылығын дамыту мақсатында Қармақшы ауданында «Қармақшы құс» ЖШС-ның қуаттылай-ақ Қазақстанның барлық аумағынан кәсіпорындарға экспорттауға рұқсат беру бойынша жұмысты бастай алады.

Алдағы жылы Жаңақорған ауданында қуаттылығы жылына 3,5 мың тонна құс фабрикасының және мал бордақылау алаңдарының құрылыс жобаларын жүзеге асыру жоспарланады. Аймағымыздағы осындай ауқымды инвестициялық жобалар іске асқан жағдайда өңіріміз де ет экспортына өз үлесін қосады.

Жыл сайын Қызылорда облысында асылтұқымды мал сатып алуға, асылдандыруға, ет-сүт өніміне мемлекет тарапынан қаржы бөлініп келеді. Нәтижесінде аймақта төрт түлік өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Бұл ретте ет экспорты үшін жаңа нарықтардың ашылуы — аймақ шаруалары үшін ақжолтай жаңалық.

Библиот СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Біз Баекенмен 70-жылдардың басында таныстық. Нағыз жанып тұрған шағы еді. Бір бойында қырық кісінің қайраты бардай қарымды болатын. Бір көргеннен ғашық болу деген махаббат болса, ол – біздің махаббат шығар. Бірінші жары өмірден озып, тұңғыш ұлын өзі жеткізіп келе жатыр екен. Мен жоғары оқу орнын енді бітіргем. Өзі бір әдемілікке құштар жан еді ғой. Ізімен бір елі қалмай қойды. Жігіттігі, мырзалығы, өр мінезі өзінен, сөзінен төгіліп тұрған азаматқа мен тоқтау қоя алмадым. Алғашында албырт сезімдей көрінгенмен, сезім деген шіркіннің шылбырынан бір ұстасаң, кеуілге тұсау сала алмайды екенсің ғой. Мені күн сайын тәнті ете түсті. Тұлымды жеткірген қыз үшін қамқорлықтың ең үлкен әкелді болу болса, Баекен «ә» дегеннен мені солай баурды. Бас қостық. Небір жақсы күндер өтті. Іскер, ақылды, тәлімді туған ол мансап жолында күн санап өсті десем болар.

Ел қызғытатын шаңырақ қалыптастырды. Тұңғышымыз Сара өмірге келді. Ізінен Қазбегі, Салтанаты, Азаматы туылды. Баекен жақсы жар ғана емес, жақсы әке де екен. Қызметте, жұмыс бабында сондай қатал, талапшыл ол балаларына ерекше мейірілі еді. Керек жерінде еркелетті, керек жерінде қыздарына қырық үйден тыйым көрсетті, ұлдарына бөрінің мінезін сіңірді. Оқуына, біліміне қатты қарады. Небір замана алмасып, бірде бар, бірде жоқ тірлік жалғасып жатса да, балаларына бар жақсыны тосты. Балаларына қоятын ең басты талабы – әділет пен адалдық еді. Жігіттің сырттанындай, серісіңдей қалпы бар ол бізден де әдемі үйлесті, жанұялық жарасып күтетін. Өрине, маған да жар ретінде барынша қамқор болғанымен, бірезді қаталдық көрсетті.

Жастайынан елдің ортасында өскенім шығар, біздің үйі біз үстегін үйді болды. «Шаңырағымыздың қадір-қасиеті артсын, балалар өнегесін

МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ – ТАҒЫЛЫМЫМ

Баекем о дүниеге аттанғалы 40 күндей уақыт өтті. Болған іске көзім сенгенімнен, көңілім сенбейтінінен шығар, азаматым «Зәкен!» деп кіріп келетіндей өлі күнге есікке елендеймін де отырамын... Беу, жалған дүние-ай...



сіңірсін» деп небір жақсы-жайсаңды қонақ ететінбіз. Бетіме жел боп тимей-ақ үлкен азаматтың жары болуды үйреткен осы бір қонақжай қасиеті шынымен үлкен мектеп болғандай. Достары, дәурлестерінің бәрі кіл мықты. Олармен нық тіреспіп жүру үшін өзінің ғана мықтылығы жеткіліксіз еді, сол үшін бізді сын тезінен әуелі өзі өткізетін, сосын барып қоғамға қосатын.

Осылай-осылай бір-бірімізді толыстырып, ғұмырымыздың жақсы кезеңдерін қол ұстасып өткізіп жатқанда басымызға бауырың бұлтты үйірді. Елінің сұйіктігіне айналып, жасындай жарқырап жатқан Баекен сұм көздерінің сұғнаа ілігі, жалаға дүшар болды. Өңіріміздегі ең беделді, мыннан аса отбасының асыраушысы болып отырған мекеметтің тізгінін ұстап, әне-міне қала басышының орынтағына жайғасар тұсында зұлымдықтың тырнағы жанын жаралады. Өп-сәтте жұмақ өміріміз тозаққа айналғандай күй кештік. Мұздай қаруланған әскерлер үйді қоршап, тіпті бастады. Ақша, алтындыларды жұтып қойылғандар деген уақпен бізді дәретке де шығармай тастады. Көңгі қандықол қылмыскерді

ұстағандай Баекемді қолын байлап, тергеуге әкетті. Шнеттей бала-шағамен шырғалдым да қалдым. Есігімізді торуылдап жүретін жәдіғой-жандай-шаптардың бірі де жанымыздан табылмайды. Ішімді үрей алып бара жатқаным, азаматымын «Қорықпаңдар, бәрі жақсы болады» деген сөзі мені кәдімгідей басты. Досқа күлкі, дұшпанға таба тіршілік басталды. Ерінші шүйіре қарағандар ызамат тиетін.

Сот та балды. Баекенді айыпты деп танып, 7 жылға қоғтасуға тура келді. Түрмеге әкелер алдында азаматыма «балаларына алаңдама, өзіңді сақта, атыңды ақтап шық, мен саған сенемін» деп дем бердім. Небір азапты күндер өтті ғой. Балалар әкесін ізлеп жайлады. Өзім мұғалім болып жұмыс істеп, соның аз-ғанғай айлық-ақысына балаларды асырады. Жүгіріп жүріп жұмыс істеп, үйге асығатымын. Сондағы ойым «өз-өзімізден қалған балалар бірденге ұшырап қалмады ма екен?» деген үрейлі ой ғой. Есіме түссе қазірге дейін сүйегім сырқырайды.

Түрмеге әкеткісіз бала-лармен бірге барып жүзлесіп тұрдық. Торға тоғытылған жол-

барыстай ішін өкірткен өкіс Баекеннің ақындық қасиетін аятып, өлемен хат жазатын болды. Әрбірін оқыған сайын балаларға білдірмей өкісіп-өкісіп жылап аламын да, жігері құм болмасын, уайымға салынбасын деп балаларының қолымен, өзіміз қолымын дем беретін жауап хаттар жазатынбыз. Балаларға «әкелеріне қиналғанымызды сездірмейік, қайрат беретін сөздер жазыңдар, асыға күтіп жүргендеріңді айтыңдар» дейтінмін. Соған ол марқайып қалатын. Баекен түрмеге кеткісіз бала-шағасы тозып кетіпті демесін деп, балаларымды шырттай ғып киіндіріп, ешкімнен кем қылмадым.

Уақыт өтті. Азаматтың аты азамат қой, Баекен түрмеде де іскерлігін көрсетіп, басын тік көтеріп үйге оралды. Келген бойдан әділдік ізлеп, ақыры бәрін мойындапты, қозғалған ақиқатына жетті. Сол уақытта қалай қуанғанымызды көрсеніз. Өзі басқарған мекемеге қайта оралып, қарамағына алды. Өткенге өкініп отырған жоқ, сол уақытта өткен күнің орын тоқтыруға тырысып, кәсіп бастады. Қара үзгендер де қайта келді. Баекен биік адам еді ғой, эдзерше езіліп,

талқылаған жоқ, бәрине кеңдік тапты.

Балалар жетілді. Бәрін оқытты, тоқытты. Құдаланы болдық, немере сүйдік. Өз жұртына, қайын жұртына, ел-жұртына қарасты. Азаматтардың ақылшысына айналды. «Мен жоқта әбден қиналдың ғой» деп, сол уақытта-ақ қалдым деп аялады. Қол ұстасып ел көрдік, жер көрдік, жақсылыққа жеттік.

Өмір деген осы ғой, бәрі бір-ақ күнде болғандай. Бірге жүрген 50 жылдан аса уақыт 5 күндей зымсырап өте шықты. Мен өзім тіл маманымын. Баекем 85 жасқа толғанда осы мемуарымды жазып, өзіне оқытқым келген. Онымен азаматыма бір сырақ үйірсек болып, қатты абыржыдық. Ақыры ажал оғы тұлғасына дөп тиіп, менің көкейімдегі сөздерді оқи алмай кетті, әттен!..

Баекем, арысым, азаматым! Сенің маған жазған әр өлеңің, әр айтып жылы сөзің, көрсеткен махаббат-мейірімнің дәл сол күн-гідей жадыма, жүрегіме. Сонғы жылдары сен әр ауруханаға түскен сайын жанымды шүберекке түйсем де, жаныма қайта келетініне сенетінмін. Себебі, сен бұдан да үлкен қиындықтарды бұзып-жарып өткен жайсың едің. Сонғы рет ауруханаға әкелетіңе қолтасуға шамаң келмеді. Сол күні суыған жүрегің әлі жылыған жоқ. Өйткені, ол сәт мәңгіге қолтасқан сәтіміз екен. Әр ауырған сайын «Зәкенім, айтып үлгермей қалсам, есінде болсын, мен саған ризамын» депші еді. Мен де саған ризамын, арысым! Балаларыңа, маған арнаған жырылардың, тіпті жыраулар орындап, тарихқа қалдырған өсиет-шығармаларың біздің мәңгі санамызда қалады. Біз бұған дейін бірнеше рет қолтасып едік, сол қолтасуларымыз ең ауыры – осы қолтасуларымыз екен... Жарымың, жанымның саясы, өміріміздің мазмұны, Баекем, қош бол! Аруағың отбасы-ордаланды жел-дәуір жеткісіз. Балаларың сен артық аманатқа ада болды!

Зейнегүл БАЛТАБАЙҚЫЗЫ

ЖОБА

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28188 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні	Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы «__» №__ қаулысына қосымша
----------	----------	--

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидия сомасы, теңге
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқымдық балықтар және олардың будандары	килограмм	18 000	7 560 000
2	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқымдық балықтар және олардың будандарының шабағы (30 граммға дейін)	дана	97 600	1 464 000
3	Балық өсіру-биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	дана	1	500 000

Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2024 жылдың 25 маусым күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Күн тәртібінен: 1. Серіктестік қатысушылар үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.

2. Кредиттік серіктестікке қызмет көрсететін контрагенттерге сыйақы төлеуге қатысты. 3. Жарғылық капиталға ең төменгі жарғылық жарнаны белгілеу және енгізу туралы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу.

«Сыр бойы» КС» ЖШС-нің әкімшілігі. (БИН: 061 140 005 106)

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2024 жылдың 25 маусым күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Күн тәртібінен: 1. Кредиттік серіктестікке қызмет көрсететін контрагенттерге сыйақы төлеуге қатысты.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі. (БИН: 040 540 001 348)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321_24.02.2014ж.) 2024 жылдың 26 сәуірінде қайтыс болған азамат Сералиев Бауыржан Аяғанұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаяв көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарамсыз деп есептелсін

Жеке кәсіпкер Айтпаев Ерлан Ибрагимовичтің (ЖСН 780601302470) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін. *** «Нұр-құрылыс.kaz» ЖШС-ның (БСН 141240008845) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық фтизиопульмонология орталығы ұжымы орталық дәрігері Күлекеева Гүлнар Қашқынбайқызына інісі **Марат Қашқынбайұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҮНДІ БИІНДЕ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҮНІ БАР

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақмарал Қайназарова жетекшілік ететін орталықтың Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесе әзірлеген 10-Халықаралық йога күніне арналған концертті өтті. Үнді классикалық биінің орындаушысы, ұстаз болғанына биыл 26 жыл толып отыр. Үндістанда 7 жыл оқыдым. Қазақстан және Орта Азия бойынша осы саладағы алғашқы кәсіби маманым. Үнді классикалық биінің терминологиясын, болмысын, оның екі ел арасындағы әсем, ерекше ғажайып үндестігін жазып қалдыруды мақсат тұттым. Тақырып ауқымы өте кең, мұхит сияқты. Сол жақта тұрғанда екі арманым болды. Біріншісі, Алматыда жеке би орталығын ашу, екіншісі үнді классикалық биі жайлы кітап жазу еді. Сол армандарым орындалды. Үнді классикалық биі – философиялық өнер. Ол рухани құндылықтарға бай, – дейді хореограф.

Қазак биінің негізін қалаушы Шара Жиенқұлова элементін би мұрасын ерекше құмарлықпен зерттеген. Үндістанға барып келгеннен кейін репертуарына үнді стилдендірілген биін енгізді, оны дәстүрлі сари киіп орындады. А.Қайназарова осы биінің видеосын іздеп, өкінішке қарай, таба алмапты. «Достар биі» атты кітабында Шара апай мыс дискілермен орындалатын үнді халық биін суреттейді. Ол – Гуджарат штатындағы манд-

жира гарбха халықтық биінің төрелке тәрізді орта диаметрдегі цимбалмен орындалатын стилдендірілген нұсқасы. Шара Жиенқұлованың сари киіп тұскен танымал суретінде қолының бетінің деңгейінде білек тұсында бүгін, алапақта ишарасында ұстап тұр, бұл қазактың халық биіндегі қолдардың қошкар мүйіз ишарасына ұқсайды. Ол үнді классикалық биінің көптеген ишараларын шығармашылық тұрғыдан стилдендіру арқылы пайдаланған. Биінің ішкі сұлулығы мен терендігін көре білген және соны көрерменге жеткізуге тырысқан. Кеште үнді биімен қатар қазактың ұлттық билері де сахна төрінен орын алып, қызылордалық жас бишілер көрерменге жаңа туындыларын ұсынды. Ақмарал Қайназарованың шығармашылығымен қазақ-үнді ырғақтарының үндестігі хореографиясы қойылды. Шара сонында орталық директоры белсенді студенттерді арнайы марапаттап, кеш қонақтары мен көрермендерге шынайы алғысын білдірді.

Айта кетейік, сонымен бірге Студенттер сарайында А.Қайназарованың «Үндістан классикалық биі». Қазақстан және Үндістан» кітабының тұсауы кесілді. Үнді биінің хас шеберінің кітабы университет оқытушылары мен студенттері үшін пайдалы болары сөзсіз.

Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»

«ТАЗА СУ АЙДЫНДАРЫ» АКЦИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Биылғы наурыз-мамыр айларында республиканың барлық өңірінде «Таза су айдындары» деп аталатын табиғат қорғау акциясы ұйымдастырылды. Ауқымды акция арқылы су айдындары мен жағалау аумақтарын қоқыстан тазарту, табиғатқа жанашырлықпен қарау керектігі насихатталды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров аталған акцияның қорытындысы туралы баяндады.

– 6 сәуірде Қызылорда қаласына қарасты «Шіркейлi» каналының сол жағалауында «Таза су айдындағы» табиғат қорғау акциясы өтті. Акцияға Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, ғылыми-зерттеу ұйымының қызметкерлері мен табиғат пайдаланушылар, сондай-ақ студенттер, еріктілер және ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Бұл науқан Арал ауданындағы Кіші Арал теңізінің, Түркістан облысы Шардара ауданындағы «Шардара» су қоймасының учаскелерінде өткізілді. Айта кету керек, биылғы тазалау жұмыстарына инспекция қызметкерлері қатысып, тек-

никалар мен шағын кемелер жұмылдырылды. Су айдындарының түбінен және жағалаудан қонған құрталдары мен қармақ, тұрмыстық қалдық шығарылып, тиісті орындарға жиналды, – делі ол.

Сондай-ақ жыл сайын мүдделі органдармен бірлескен «Уылдырық шашу» балық қорғау акциясы ұйымдастырылған. Биылғы науқан қорытындысымен балық аулау ережесін бұзушылықтың 96 дерегі анықталып, 19 іс сот қарауына жіберілді. Акция кезінде балық аулау ережесін бұзғаны үшін 75 жеке тұлғаға айыппұл салынған.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

«Қуатамлонмунай» БК ЖШС ҚР Экологиялық қорының 96-бабына сәйкес 24.07.2024 жылы сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Ө.Әлімбаев көшесі 20 ғимаратта болып «2024 жылдың 01 қартаы жағдайы бойынша «Қоныс» кен орнын игеру жобасының қоршаған ортаға ықпалды әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ecoportal.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabag/activities/directions?lang=ru>. Онлайн қосымша сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/83258833063?pwd=brjz-aG35Mpk1rDnbnQl90ZjV9b3JsQ1>

Көпшілік ақпараттың маңызына байланысты: Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 ш/а, №23 ғимарат, 350 а/я. Байланыс тел.: 87016885813 арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: ҚУАТАМЛОНМУНАЙ) БК ЖШС 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., А.Иманов к., № 108Г ғимарат БИН 941040001055 Тел.: +7 (7242) 23 56 00 Эл.адрес: b.kystaubayev@kuatamlonmunai.kz	Жобаны жасақтаушы: «OPTIMUM» Жобалау институты) ЖШС 130000, Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 ш/а, №23 ғимарат, 350 а/я. БИН 000740000123 Тел.: 87016885813 Эл.адрес: kzhubatova@opm.ru
---	---

Объявление

ТОО СП «Қуатамлонмунай» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 24.07.2024 года в 15:00 часов по адресу Кызылординская область, Сырдаринский район, пос. Теренөзек ул. А.Алимбаев 20, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к Проекту разработки месторождения Коныс» по состоянию на 01.01.2024г.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ecoportal.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabag/activities/directions?lang=ru>. Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/83258833063?pwd=brjz-aG35Mpk1rDnbnQl90ZjV9b3JsQ1>

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО СП «ҚУАТАМЛОНМУНАЙ) РК, 120008, г. Қызылорда, ул. А.Иманова, здание № 108Г БИН 941040001055 Тел.: +7 (7242) 23 56 00; Эл.адрес: b.kystaubayev@kuatamlonmunai.kz

Разработчик: ТОО «Проектный институт «ОПТИМУМ» РК, 130000, Мангистауская область, г. Ақтау, 3 мкр., зд. № 23, а/я 350. БИН: 000740000123 Тел.: 87016885813 Эл.адрес: kzhubatova@opm.ru

Барқанда байлық бар

Әлеуметтік желіде Дубай шөліндегі «сафари» танымал. Бірақ сол әсемдіктен кем түспейтін барқан шөл Аралда да бар десек, сенесіз бе? Аудан орталығынан небәрі 15 шақырым қашықта орналасқан «Шижаға» ауылында шағыл төбелер бар. Тап-таза, жұп-жұмсақ, аппақ құм. Құм суырған аңыздақта барқанның кейпі құдды кинодағыдай тылсым әсер сыйласа, жел басылған соң су бетіндегі толқындай із тастайды.

Жергілікті тұрғындар осы сұлулықты көп айтып, турист тарту ісіне кіріскелі көп болды. БАҚ пен әлеуметтік желіге жер райы, өңір ерекшелігі туралы толымды ақпарат тарауда. Көшпелі құмды қиындық деп емес, мүмкіндік деп қарайтын халықтың өзі. Олардың ендігі арманы – аудан қонақтарына барқан құмды аралатып, табыс әкелуге ынталы жоба әзірлеу.

Бұл мақсат та жақын қалды. Аудан әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, ауыл тұрғыны Сәуле Аманова 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлік дамуының ұлттық жобасы аясында барқан құмда кәсіп бастауға ниетті. Ол мемлекеттен қаржылай қолдау алып, «Шижаға» елді мекеніндегі «Аққұмшық» іргесінен демалыс орнын ашуға талпынуда. Сол арқылы ауыл табиғатын насихаттап, ішкі туризмді ілгерілетпек.

«Шижағала» құм көшіп, ауылдың іргесіне келген. Сондықтан бірнеше жылдан бері тұрғындары үйін тастап, басқа жерге қоныс аударуға көшті. Алайда табиғат құбылысын табыс көзіне айналдыруға болады деп санаймын. Сондықтан арнайы жоба әзірледім. Егер мемлекеттен қаражат алсам барқан құмда киіз үй тігіп, туристерді түйе мен жылқыға мінгізіп серуендеткім келеді. Ұлттық тағамды насихаттап, ауылды көркейтпек ойым бар, – деді Сәуле Қанатбайқызы.

Кәсіпкердің аталған бағытта тәжірибесі бар. Бұған дейін «Шижаға» аумағынан жер алып, қогалдандыру жұмысымен айналысқан. Енді кәсіп аясын кеңейтіп мем-



АРАЛ ТУРИЗМІ

қайта түлейді

ларына таптырмас ем көрінеді. Сондықтан қысы-жазы бұлақ басынан адам арылған емес.

Медициналық туризмді түлетуді көздесек, орайы осы тұста. Себебі қолайлы жағдай жасалмаса да бұлаққа келіп дертін шипа іздегендер саны жылдан-жылға артауда. Оның үстіне Үкімет жүргізген сынама қорытындысы негізінде жерасты суының емдік пайдасы бар екені анықталған. Сондықтан жергілікті тұрғындар «Ақеспе» ауылы маңынан санаторий мен қонақүй бой көтерсе, ыстық су мен балшықтың игілігін көруге келгендер табыс әкеледі деген ойда.

аймаққа айналдыру мақсатында инвесторлармен алдын ала келіссөздер жүргізілуде. Атап айтқанда, «Жақ-Нұр» ЖШС-нің бастауымен «Ақеспе» елді мекенінде орналасқан «Ыстық су» бұржағы жанынан емдік шипажай салу жоспарлануда. Жоба бойынша жалпы құны 1,2 млрд теңгеге су бұржағы жанынан 150 орындық шипажай, спорт алаңдарын, саябақ салу қарастырылған. Жоба іске асқан жағдайда 220 адамды жұмыспен қамтиды.

Жағажайдың жағдайы қалай?

«Қамбаш көлі» – Арал ауданына қарасты «Қамыстыбас» елді мекенінде орналасқан. Қызылорда қаласынан 400 шақырым, Қазалы ауданының орталығынан 50 ша-

мамыс аймағында барлығы 104 демалыс үйі туристерге қызмет көрсетуге дайын, – деді Толыбай Шалғынбайұлы.

«Қамбаштың» туризм әлеуеті тек ауданмен шектелмейді. Жағажай «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік трассасының бойында орналасқан. Сондықтан мұнда келушілердің қарасы күннен-күнге артып келеді. Дәлірек айтсақ, жаз айларында шамамен 70 мыңдай адам көлге келеді екен. Жағажайдағы сервистік қызмет жанданса, туристің саны бұдан да көбеймек. Қазірдің өзінде маусымға дайындық күшейіп, кәсіпкерлер жұмысын бастаған.

Жалпы мұнда жағажай бизнесімен айналысқан деген кәсіпкерлерге жағдай толық жасалған. «Қамбаш» жағалауын абаттандыру және инфрақұрылымын дамыту

қырым, ал Арал қаласының 60 шақырымдай жерде жатыр. Содан болар, «Қамбашқа» тұрақты келушілердің дені – көршілес қос ауданның тұрғындары. Кәсіп тізгіні де солардың қолында. Бұл жұмыссыздық көрсеткішін төмендетіп, кәсіпкерлік деңгейін көтеруге сеп болуда. Арысы Ақтобе, берісі Байқоңыр, тіпті Қызылорданың өзінен келушілер осы азаматтардың көрсеткен қызметтеріне разы.

– Қазір «Қамбаш» демалыс аймағында 26 жеке кәсіпкер алыс-жақын аудандардан келетін туристерге қызмет көрсетуде. Оның 24-і – Арал ауданының жеке кәсіпкерлері болса, қалған 2-уі – Қазалы ауданынан. Жалпы де-

үшін жергілікті билік қаражат бөліп қажетті жұмыстарды жүзеге асырған. Биыл демалыс аймағына кіреберіс 1,5 шақырым жолға асфал-

«Қамбаштың» туризм әлеуеті тек ауданмен шектелмейді. Жағажай «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік трассасының бойында орналасқан. Сондықтан мұнда келушілердің қарасы күннен-күнге артып келеді. Дәлірек айтсақ, жаз айларында шамамен 70 мыңдай адам көлге келеді екен. Жағажайдағы сервистік қызмет жанданса, туристің саны бұдан да көбеймек. Қазірдің өзінде маусымға дайындық күшейіп, кәсіпкерлер жұмысын бастаған.

Арал геопаркі осы аймақтың геологиялық тарихын және табиғатқа антропогендік әсердің салдарын бақылауға мүмкіндік беретін әлемдегі бесінші трансшекаралық геопарк болуы мүмкін. Осы бірегей табиғи оқиғаларды өз көзімен көру мүмкіндігі көптеген туристердің назарын аударды. Геопарк ауданның туристер қызығушылығын тудыратын бірнеше аймақтар енгізілген.

P.S. Арал аумағында туристер таңдай қағатын көрікті жер көп. Тек жарнамасын жетілдіріп, туризм талабына сай қадам жасалса болғаны. Сонда аудандағы туризм экономикалық өсімге әсер етіп, жұмыссыздық салмағы азаяры сөзсіз. Биылғы аудан әкімдігінің межесі мен алған бағыты көңіл көншітерлік. Алдағы уақытта жарқын жобалар жүзеге асырылса, Арал аумағын бірден-бір туристік аймақ ретінде көрер күннің де ауылы алыс емес секілді.

лыт төсеу жұмысы қолға алынбақ.

Тақырыпқа тұздық болу үшін көл жағалауынан 2 гектар аумақты жалға алып, 20-дан астам кәсіпкерді біріктіріп отырған Алтынбек Балмырзаевтың пікірін білген едік. Кәсіпкер мемлекет қолдауының нәтижесінде жемісті жұмыс істеп жатқанын айтып, демалыс орны туралы мәлімет берді.

– 2022 жылы «Қамыстыбас» көлінің жағасынан 2 гектар аумақты жалға алдым. Бүгінде аталған аумақта келушілерге жағдай жасалған кәсіпкерлік нысандар бой көтерді. Жылына 30-40 мыңға жуық келушіге қызмет көрсетеміз. Демалыс аумағында 23 кәсіпкер, 8 құтқарушы, 1 дәрігер бар. Қызметкерлердің басым бөлігі – жақын маңдағы «Қамыстыбас» ауылының тұрғындары. Барлық қауіпсіздік шарасы қатаң бақылауда, – деді кәсіпкер.

Теңізден тарихқа дейін

Ауданның негізгі туризм тірегі – Арал теңізі мен тарихи орындар. Эколог, тарихшы, жиналқының көбі Арал қасіретін көзбен көріп, тарихи мекендер құпиясын сезуді қалайды. Түрлі зерттеу жүргізіп, ғылыми экспедиция да толастаған емес. Мұның барлығы – кірісті ұлғайтып, туризм кәсібімен айналысатын аралдықтарға таптырмас табыс. Әсіресе, соңғы жылдары «Көкқара» бөгеті мен «Ақлақ» су тоспасын тамашалауға келетін шетелдік туристер саны артқан.

– Кіші Арал теңізінің су деңгейін сақтап қалу мақсатында жасалған ғасыр жобасы, яғни «Көкқара» бөгеті мен «Ақлақ» су тоспасына келуші көп. Өзге мемлекеттен келетін қонақтарға барлық жағдай қарастырылған. Халықаралық стандартқа сай қонақүй, жолушылар тасымалы жолға қойылды. Осы мақсатта Арал ауданы бойынша 16 қонақүй жұмыс істеуде. Оның ішінде 11 қонақүй Арал қаласында орналасса, қалған 5-уі кент пен ауылдық округтер, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойында қызмет көрсетуде. Бұл қонақүйлер тәулігіне 200-ге жуық туристі қабылдауға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ ішкі және сыртқы туризм бағытында келген қонақтарға 40-қа жуық қоғамдық тамақтану нысаны қызмет көрсетуде, – делінген аудандық денешынықтыру, спорт және туризм бөлімінің мәліметіне.

Айта кетейік, биыл аудан әкімінің бастамасымен «Ақбай» елді мекені жанында орналасқан Арыстан баб кесенесі қайта жаңғыртылмақ. Тарихи нысанды абаттандыру жұмысы қолға алынып, инфрақұрылым мәселесін шешу көзделген. Бастысы Арыстан баб кесенесін мәдени-рухани мұра және туристік нысан қатарына қосу жұмысы жоспарланған.

Бұдан бөлек, аудан әкімдігі, Халықаралық Аралды құтқару қоры және ЮНЕСКО-мен бірлескен түрде еліміздің негізгі стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетін геопарк желді жобасын әзірлеуде. Қазіргі таңда сызба-қартасы жасалған.

Арал геопаркі осы аймақтың геологиялық тарихын және табиғатқа антропогендік әсердің салдарын бақылауға мүмкіндік беретін әлемдегі бесінші трансшекаралық геопарк болуы мүмкін. Осы бірегей табиғи оқиғаларды өз көзімен көру мүмкіндігі көптеген туристердің назарын аударды. Геопарк ауданның туристер қызығушылығын тудыратын бірнеше аймақтар енгізілген.

Еркін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»
Қызылорда-Арал-Қызылорда

БӘРЕКЕЛДІ



ЖАС ЖЫРШЫ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Жалағаштық жас өнерпаз Грузияның Зугдиди қаласында өткен халықаралық жарыста топ жарып, бірінші орын иеленді. Аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін жүлдегері Қарақат Ғаниқызы осы жолы Жалағаш ауданының тумасы, ақын Асқар Қожахметовтің «Қош болып тұр, Қазақстан аймағым» атты термесін және халық әні «Ақеркеңі» орындаған.

Жас әнші – «Жанаталап» ауылдық клубы жанынан құралған «Домбыра» үйірмесінің мүшесі. Алдымен ән салуды меңгерген Қарақат қазір дәстүрлі өнер байқауларында жыр орындап, жүлде алып жүр. Айталық, осыған дейін ол XVI республикалық студенттік пәндік кіші олимпиадасында «Жыршылар» номинациясы бойынша III орын, Мәдениет қайраткері, жыршы-термеші Ж.Аққұловтың 80 жылдық мерейтойына орай өткен «Жыр ғұмыр» атты облыстық жыршы-термешілер байқауынан II орын, «Текті сөздің төресі – терме» атты облыстық жыршы-термешілер байқауынан I орын иеленген.

– Өнерге құштарлығым мектеп қабырғасынан басталған еді. Оқушы кезімен ауылдық клубта «Домбыра» үйірмесінде Қасым Айтпенбетов есімді ұстазымнан тәлім алдым. Ал бүгінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжде оқимын. Осында келгелі жаңа деңгейге ауыстым десем болады. Себебі, дәстүрлі ән мен жыр өнерін қатар алып жүрмін. Алдыма қойған арманым көп, болашақта қазақ өнерін әлемге танытуға бар білімдімді, қабілетімді жұмсаймын, – дейді Қарақат.

Ұстазы, талантты жыршы Бисенбек Төлеубаев кішкентай кезінен өнерге келген Қарақаттың әлі де алар асуы алда екенін айтады.

– Мәдениеттің ішіндегі ойып тұрып орын алатыны – әрине, ұлттық өнер. Жас та болса Қарақат өнер саласында өз ізін қалдыра бастады. Еліміздің байрағын желбіретіп, дәстүрлі өнерімізді әлемнің түкпір-түкпіріне танытып жүр. Қазір біз Жиенбай жыраулық мектебін қалыптастыруға бар күшімізді саламыз. Сол мектептің қабырғасы да міне, осы Қарақат сынды талантты жастардан қаланады, – дейді ол.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы», «Ақмешіт
жастары» және ауданның
барлық басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы
байланысуға болады. **E-mail:**
smjarnama@mail.ru

лекет қолдауына қол жеткізуді қалайды. Туған жерді түлетсем деген көпбалалы ана бизнес-жоспарын бүге-шүгесіне дейін нақтылап, тек комиссия шешімін күтіп отыр. Алдағы уақытта қажетті қаржы қолға тиенді деген үміт басым.

Айта кетейік, «Аққұм» ауылдық округіне шетелдік компаниялар да инвестиция салуды көздеп отыр. Құмды алқаптағы 10 гектар аумаққа жергілікті жерге тәзімді өсімдіктер егуге ниет білдірген. Бұл жобаның жүзеге асуы алдағы уақыттың еншісінде.

Ақеспе: медициналық туризм мекені

Теңіз төскейіндегі туризмге кең мүмкіндік беретін келесі нысан – «Ақеспе». Бұл алақандай ауыл республикаға жер астынан шығатын ыстық бұлағымен танымал. Кереметі сол, қандай жыл мезгілі болсын, бұлақтағы судың ыстықтығы 60 градустан төмендемейді екен. Ел арасында мыңдаған метр тереңдіктен шығатын судың шипасын әрі денсаулыққа пайдалы екенін көп естиміз. Әсіресе, жүйке, тері, буын ауру-

маса да, бұлаққа келіп дертін шипа іздегендер саны жылдан-жылға артауда. Оның үстіне Үкімет жүргізген сынама қорытындысы негізінде жерасты суының емдік пайдасы бар екені анықталған. Сондықтан жергілікті тұрғындар «Ақеспе» ауылы маңынан санаторий мен қонақүй бой көтерсе, ыстық су мен балшықтың игілігін көруге келгендер табыс әкеледі деген ойда.

– Қазіргі таңда «Ақеспе» ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер Дархан Кенжебаевтың бастама-сымен келушілерге жағдай жасау қарастырылуда. Мысалы, 15 адамға лайықталған жатын орын және 20 адамға арналған асхана халыққа қызмет көрсетуде. Десе де, жақын орналасқан елді мекендерден келген халық жаз айларында өз бетінше шатыр тігіп, демалысын осында өткізеді, – деді Арал ауданының денешынықтыру, спорт және туризм бөлімінің басшысы Толыбай Әлжанов.

Бүгінде аудан әкімдігі қарап қалған жоқ. «Ақеспе» ауылы жанындағы «Ыстық су» бұржағына дейін 6 шақырым жол жанадан салынбақшы. Сондай-ақ жеке инвесторлар есебінен демалыс кешені мен спорт нысанын салу пысықталуда.

Аталған ыстық суды туристік

1-бет.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 22868

Тапсырыс №959

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Айсаула ҚАРАПАЕВА